

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 426 қаулысы

Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту жобасын іске асыру үшін тартылатын қарыз қаражатын қайтару және оған қызмет көрсетуді жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ жарғылық капиталы ақшамен емес, мүлікпен қалыптастырылған "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының бірден бір акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігіне 2001 жылғы 20 желтоқсандағы "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы және 2002 жылғы 5 ақпандағы "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы мен "Marubeni Europe PLC", "BNP Paribas", "HSBC Bank Kazakhstan" жабық акционерлік қоғамы арасындағы Кредиттік келісімдер шеңберінде тек Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту жобасын қаржыландыруға ғана бағытталған шетелдік валютадағы қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензияны "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына беру ұсынылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі